



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Н.Т.Нығметова «С.Жүнісовтың драмалық шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері», Астана 2009.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов.- Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
4. Б.Б.Мансуров «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі діни-хадистік аспект» ғылыми диссертация, Алматы, 2014.

УДК 811.512.1'451.5

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ-ПОЛОВЕЦ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

Төлегенова Мөлдір Елжанқызы,

Moldir_inder94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті,

«Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Сағидолда Г.С.

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Сөз таптары бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері, сөйлемдегі синтаксистік қасиеті жағынан ажыратылады. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеулер. Аталмыш сөз табы түркі тілдерінде салыстырмалы түрде кешеуіл қалыптасқан. Дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін пайда болған.

Үстеудің сөз табы ретіндегі алатын орны мен атқаратын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі белгілі бір жүйеге түсті. Десек те, туыстас түркі тілдеріндегі үстеулердің пайда болуы, қалыптасуы мен даму факторы, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы, өзге сөз таптары единицаларының үстеулер қатарына ауысуы назардан тыс қалып келеді. Мақаланың мақсаты – сол назардан тыс қалған дүниенің орнын толтыруға қадам. Қазақ тілі қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай топшасына кіреді. Ендеше үстеулерді зерттеудің басты тілдік бірлігі ретінде алып, қазақ тілін қыпшақ-половец топшасындағы тілдермен салыстырудың тарихи грамматикалық, морфологиялық тұрғыдан зор мәні бар.

Қазақ тіліндегі үстеу сөз табын өзге сөз таптарынан даралап тұратын лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бар. Олар: а) *лексика семантикалық қасиеті* – сөздердің мағыналық топтарымен айқындалады (мекендік, мезгілдік, қимыл-сын, себеп, мақсат т.б.), ә) *морфологиялық ерекшелігі* – түрленбейтіндігі немесе аз өзгеретіндігі, арнайы сөз жасаушы формаларының бар болуы және түрленуші сөздер мен сөз таптарының барлығымен сөзжасамдық қатынасқа түсуі; б) үстеулердің *синтаксистік белгісі* – біріншіден, сөйлемдегі қызметі, екіншіден, синтаксистік байланыс формасы яғни, белгілі бір сөз таптарымен байланысу қабілетімен ерекшеленеді. Енді осы белгілердің ара қатынасы қарашай-балқар, қырымшақ, қарайым және қырым-татар тілдерінде қалай түсіп жатырғандығы мәселенің басты сұрағын айқындайды.

Қарашай-балқар тілінің үстеулерін зерттеуші **С.А.Гочияева** аталмыш сөз табының лексика-грамматикалық құрылымын да үш өлшемнің бірлігі құрайтындағын айтады: «Они складываются из общности и единства трех измерений: 1) *лексического значения* слова, что предполагает лексическую самостоятельность наречий, как слов со смысловым значением, указывающим на время, место, причину, цель и образ действия; 2) *морфологической структуры* наречий, которая складывается из: а) отсутствия форм словоизменения; б) наличия собственной системы словообразовательных средств; и в) соотносительности наречий с другими частями речи; 3) *синтаксической функции* обстоятельственного слова в предложении» [1, 28 б.].

Ал қарайым тілінің зерттеушісі К.М.Мусаев: «Наречие в караимском языке, как и в

других тюркских языках, представляется как нечто окончательно морфологически не оформившееся, как такая категория, которая появилась в позднее время и находится в процессе становления» - деп көрсетеді [1, 188 б.].

Қыпшақ половец тобы тілдеріндегі үстеулер де әр алуан сөз таптарынан құралып, өз алдына жеке сөз табы болып қалыптасқанда, ең алдымен оларға қатысты сөздердің жалпы категориялық мағынасы негізінде, яғни ол сөздердің барлығы қимыл мен сынның әртүрлі белгілерін білдіруіне байланысты топтасқан.

Үстеулер жеке сөз табы ретінде біртұтас категория болып келгенімен, іштей көптеген айырмашылықтары бар бірнеше мағыналық топтарға бөлінеді. Ол топтар өзіне тән сөздердің морфологиялық құрамы немесе құрылымы жағынан емес, семантикалық үндестігі, мағыналық үйлестігі жағынан топтасады. А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілінде» үстеулердің мағыналық топтарын 8 топқа жіктейді: мезгіл, мекен, мөлшер, сын бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері. Ал *қарашай-балқар* тілдерінде үстеулерді мөлшер, себеп-салдар, мекен, мезгіл, сын бейне болып 5-ке бөлінсе [1, 51 бет], *қарайым тілінде* мезгіл, сын бейне, мекен, мезгіл, мөлшер, сапаны күшейту немесе кеміту 6-ға жіктеледі [2, 186 бет]. *Қырымшақ тілінде* 1) сын бейне, 2) мезгіл, 3) мөлшер, 4) мекен 5) сұраулық, 6) растау және теріске шығару [4, 316 бет], *қырым-татарларының тілінде*: 1) мезгіл, 2) мекен, 3) сын бейне, 4) мөлшер, 5) сұраулық, 6) растау [8] деген топтарға сараланады.

Жоғарыдағы үстеулерді топтастырудың ұқсастықтарын, кейбір жерлерде тілдік фактілердің дұрыс сараланбайтын қайшылықтарын көріп отырып түркітануда осы күнге дейін жалпыға ортақ қабылданған семантикалық топтастыру әлі қалыптаспаған деген тұжырымға келе аламыз. Алайда көпшілік ғалымдар үстеулерді *сапалық* және *пысықтауыштық* деп екі топқа жіктеп қарастырады. Бірінші топқа көбінесе мөлшер үстеулерді жатқызады. Екінші топқа мезгіл, мекен, себеп-салдар үстеулері кіреді. Сапалық үстеулер тобын түркі тілдерінде жартылай функционалданған үстеулер деп те аталып жүрген сапалық есімдерден жасалған үстеулер құрайды. Үстеулер қатарына адвербиалдану процесі арқылы ауысқан сапалық есімдердің көпшілігі түркі тілдерінде жартылай функционалдық сипатқа ие болған. Мұндай жартылай функционалдылықтың тіл білімінде «**лексика-грамматикалық омонимия**» деген атауы да қалыптасқан.

Лексикалық және лексика-грамматикалық омонимияның айырмашылығы мынада – *лексикалық омонимияда* бір сөз бір ғана сөз табы шеңберінде әртүрлі мағынаға ие болады (кең таралған мысалдардың бірі – ат «лошадь», ат «имя»), ал *лексика-грамматикалық омонимияда* әртүрлі сөз таптарына қатысты сөздердің түрлі мағынағы ие болуы белең алады. Мысалы: ыстық «жара» (зат есім), ыстық «жарко» (үстеу) және ыстық «горячий» (сын есім). *Үстеу сөз табының сөздік құрамы толығына да осы лексика-грамматикалық омонимияның әсері бар.* Ендеше сөздердің функционалдылығын, омонимиясын қыпшақ половец тілдері материалдарымен салыстырып көрейік.

Үстеу, сын есім және зат есімдер арасындағы лексика-грамматикалық омонимия:

сууукъ «холод, холодный, холодно» - қаз.**суық**;

джылы «тепло, теплый, тепло» - қаз.**жылы**;

исси «жара, жаркий, жарко» - қаз.**ыстық**;

къарангы «темнота, темный, темно» - қаз.**қараңғы**;

джарыкъ «свет, светлый, светло» - қаз.**жарық**;

тюз «равнина, ровный, ровно» - қаз.**түзу**;

къыйын «труд, трудный, трудно» - қаз.**қиын**.

1. Джаз болду, сууукъ къорады. «Пришла весна, ушёл холод».

2. Сабийге сууукъ сууну ичирирге джарамайды. «Ребенку нельзя давать холодную воду».

Үстеулер мен сын есімдер арасындағы лексика-грамматикалық омонимия:

дженгил «легкий, легко» - қаз.**жеңіл**;

тынч «тихий, тихо» - қаз. **тыныш**;

туура «прямой, прямо» - қаз. **тура**;
иги «хороший, хорошо» - қаз. **игі**;
аман «плохой, - плохо» - қаз. **жаман**;
таза «чистый, чисто» - қаз. **таза**;
терен «глубокий, глубоко» - қаз. **терең**;
кючлю «сильный, сильно» - қаз. **күшті**;
ачыкъ «открытый, открыто» - қаз. **ашық және т.б.**

1. Иги оқуғай студентлс кыш Москваға барлыкдыла. «Хорошо учившиеся студенты зимой поедутв Москву».

Үстеулер мен есімдіктер арасындағы лексика-грамматикалық омонимия:

алай «так, таким образом»; былай «вот так, вот таким образом»; анда «там»; мында «здесь»; ары «туда»; бери «сюда» және т.б.

Салыстырмалы мысалдар көрсеткендей, қазақ тіліндегі сын есімдер мен үстеулердің, есімдіктер мен үстеулердің сөз таптары ретінде дифференциациялаушы көрсеткіштері болмағанымен, оларды бір-бірімен ажыратып тұратын лексикалық қолданысы бар. Мұндай функционалды лексемалардың қай мағынада қолданылып тұрғаны контексте анықталатындықтан қазақ тіл білімінде *контекстік үстеулер* деген атауға ие болған. Қыпшақ-половец тілдерінде лексика-грамматикалық омонимия деп аталғанымен салыстыру әдісімен екі атаудың да бір ғана тілдік құбылысты көрсететіне көзіміз жетті. Бұл құбылыс, яғни үстеулердің функционалдылығы үстеу сөз табының әлі де даму үстінде жетілілу, лексикалық қорын толықтыру процесін басынан кешіріп жатқанының дәлелі. Тілді зерттеудің диахронды аспектісі мұны жан-жақты көрсетіп берді.

Морфологиялық құрылымы жағынан үстеулер қазақ тілінде **түбір** немесе **негізгі** үстеулер, **туынды** үстеулер, **күрделі** үстеулер болып бөлінеді. Мұнда қаз. ерте, ертең, кеш, ары, бері, енді, бұрын, күндіз, талай, ішкері, аз, көп, өте, аса т.б., қбалқ. эртде «давно, рано», ары «туда», бери «сюда», энди «теперь», бурун «прежде», кюндюз «днем», учхара «вскользь», талай «много, несколько», ичкери «внутри», ёрге «вверх», қырымиш. эркен (рано), кеч (поздно), шынды (сейчас), сон (потом), бугун, йарын (завтра), чокътан (давно), тўнэн (вчера), былтыр, күндүз; аз, чокъ, пек (очень), эбет (конечно), оле, бойле (так), қарайм. кёп/кеп, чох, ғәпси, аз, астры, энк, бек, дағы «еще», сон «затем», сонрах, йаңлағына «только что», ғале «теперь», ғалиден «отныне», софрах «позже», софта «затем» т.б. сөздер тілдің қазіргі деңгейінде морфомалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін **негізгі үстеулер** саналады.

Туынды үстеулер қазақ тілінде –*ша/-ше* (маймылша, өзінше, қалайша), –*лай/-лей/-дай/-дей/-тай/-тей* (солай, осылай, былай, тастай, күндей), –*дайын/-дейін/-тайын/-тейін* (бөрідейін, ұлудайын), –*шалық/-шелік* (осыншалық, мұншалық, соншалық), –*қары/-кері* (ішкері, тысқары), –*ын/-ін/-сын/-сін* (жасырын, астыртын, жақын), –*лап/-леп/-дап/-деп* (апталап, жылдап), –*шылап/-шілеп* (қонақшылап, қайыншылап) қосымшаларымен қатысумен жасалса, қыпшақ-половец тілдерінде ұқсастық та ерекшелік те табылып жатады.

Қарашай-балқар тілінде–ча аффиксі арқылы зат есім, сын есім, есімдік және үстеулердің өздерінен үстеу сөз табы жасалады. –*Ча* жұрнағы арқылы қимылдың белгісін не қалыбын білдіріп, ұқсату мәнді үстеулер пайда болады. –*Ча* аффиксі негізгі не болмаса туынды түбірлерге де жалғана береді. Мысалы: *орусча «по-русски», къарачайча «по-карачаевски», айюча «по-медвежьи», атча «потлошадино- му», къысхача «вкратце», джангыча «по-новому», эскича «по-старому», ненча «сколько»* және т.б.. Қазақ тілінде аталған үстеулердің барлық нұсқалары бірдей кездеседі: орысша, қарашайша, аюша, атша, қықаша, жаңаша, ескіше. Ерекшелігі – **ч/ш** тектес сәйкестігінде ғана.

Бұл форманың қарашай-балқар тілінде –**лача**, –**лече** деген құранды түрі де бар (көптік жалғауы – **ла** және –**ча**). Бірте-бірте –**ла** өзінің көптік мағынасын жоғалтып, –**ча** аффиксінің мағынасына ортақтасады. –**Лача** жұрнағы арқылы жасалған үстеулер –*ча* жұрнағы арқылы жасалған үстеулерден ұқсастыру, салыстыру мағынасының күшейтіліп берілуімен ерекшеленеді. –**Лача** жұрнағы арқылы үстеулер негізінен зат есімдерден жасалады:

большевиклеча «по-большевистски», кьарнашлеча «по-братски», тенглеча «по-дружески» және т.б. Ал **-ча** жұрнағы арқылы қимыл, іс-әрекетті анықтайтын түрлі мағыналық реңктерге ие үстеулер жасалады:

1) Сапаның ұлттық ерекшелігіне байланысты белгісі: орусча «по-русски», татарча «по-татарски» кьарачайча «по-карачаевски»;

2) Сапаның партиялық ерекшелігіне байланысты белгісі: болыиевиклеча «по-большевистски»;

3) Сапаның жақтық ерекшелігіне байланысты белгісі: адамча «по-человечески», тенгча «по-дружески»;

4) Сапаның жануарлар әлеміне қатысына қарай анықталатын белгісі: айюча „по-медвежий“, тюлкюча «по-лисий» және т.б.

Қырым-татар тілі. Э.В. Севортян қырым татар тіліндегі үстеу жасайтын ең өнімді жұрнақ ретінде **-джа/-дже, -ча/-че** формаларын таниды. Екінші орында **-джасына/-джесине, -часына/-чесине** формаларын жатқызады. Одан кейінгі кезекті **-лайын/-лейин** (сабалайын (по утрам, утром), **-лары/-лери**(ақьшамлары (по вечерам, вечерами), **-ына/-ине, -дан/-ден, -тан/-тен** және тағы басқа формалар алады.

Үстеулердің бір бөлігін кірме сөздер құрайды: шахсен «лично», базан «иногда», аджеба «разве» және т.б.

Қарайым тілінде-лэй/-лей/-лай-лей жұрнақтары арқылы зат есім, сын есім және кейбір үстеулерден салыстыру, ұқсату мәнді туынды үстеу сөздер жасайды. Мысалы: *йалынлэй/йалынлай* «жалындай», *отлэй-отлай* «оттай», *илдырымлэй/илдырымлай* «молнией», *чылчыхлэй* «как птица/шымшықтай», *кутурлэй* «бешено/құтырғандай» және т.б. Мезгіл мәнді зат есімдерге жалғанғанда одан мезгіл мәнді үстеулер жасалады. Мысалы, *Йайнар тюлей нур танбылаба* «Засверкает ночью как утренняя заря»; *Танбылагы вахтлэй* «Утром. В утреннее время».

Сын есімдерден жасалады: *тирилей* (тірілей), *авалғылэй, авалдагылай* «как прежде» (бұрынғыдай). Сілтеу есімдіктерінен: *алэй/алай, булэй/булай, осолай*.

-Лай жұрнағына аяқталған сөздердің көнеден келе жатқан көмектес септігінің формасы болып табылатын –Лайин аффиксі арқылы *оклайн* «как стрела» үстеуі де жасалған.

-Ча жұрнағы арқылы жасалған үстеулер: колайча «колай-удачный случай» - как следует, отлично; керягича – по мере необходимости;

Есімдіктерден жасалады: осонча, анча, бунча, неча «сколько», бир неча «несколько», негинча «как только».

Қарайым тілінің Галиче диалектісінде **ца/це** формасы сын есімдерден үстеулер жасайды: тигел «целый» - тигел(и)це «целиком», тез – тезце (быстро), йеткили «достаточный» - йеткилице «достаточно». Бұл форма қарайым тіліндегі сын есім мен үстеулердің дифференциациясын көрсететін басты белгілердің бірі болып қалыптасқан. Басқа түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде **-ша** жұрнағы арқылы сын есімдерден үстеу сөздер жасалмайды.

Түркі тілдеріндегі үстеу жасаушы ең өнімді жұрнақ – «Ча» жұрнағының этимологиясы туралы көптеген ғалымдар пікір білдірген болатын. Қыпшақ тобы тілдеріне қатысты –ча жұрнағының даму заңдылығын, шығу тегін ойға қонымды гипотезалармен жеткізе білген С.А. Гочияева өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Аффикс -ча, по мнению многих тюркологов, исторически произошел от слова **чакъ**, которое означало «*время, эпоха*». Впервые это предположение, по свидетельству А. Дж. Шукюрова, высказал Бётлингк. В современных тюркских языках слово **чакъ** употребляется как самостоятельное слово со значением «*время, период*». В карачаево-балкарском языке оно стало архаичным и малоупотребительным. Следы слова **чакъ** сохранились в слове *кьачан*, которое имеет общетюркское распространение. По мнению многих ученых, *кьачан* «когда» — наречие времени, которое образовано от древнего **кьай** «который, какой» + **чакъ** в форме древнего творительного падежа. Кроме того, в карачаево-балкарском языке корень **чакъ** сохранился в слове *чакълы*—последлоге, который в сочетании с именами выражает значения меры,

степени» [1, 65 бет].

Ал қазақ тілінің тарихи лексикасын зерттеуші ірі ғалым Б.Сағындықұлы С.А.Гочияеваның пікірін толықтай қолдай отырып, әрі қарай дамытады: «Біз **шақ** зат есімін «*шаңқай түс*» фразеологизміндегі **шаң** формасымен салыстырып, басқа мағынада түсінеміз. Өйткені бұл мезгіл – күннің ең биікке көтерілген тұсы. Әр сөзіне жеке-жеке тоқталалық. Көне «**шан**» сөзіменен «**күн**» сөзі тең. Сөйлеу тілінде түс киіз – түс киіз деп айта береді. Яғни, түс~түс сингармониялық варианттар; -қ (немесе -ақ) жұрнағы көтерілу мағынасын береді; -ай жұрнағы «молшылықты» білдіреді. Осының негізінде «шаңқай түс» фразеологизмінің таза этимологиялық мазмұны: күн шақырайған түс немесе күн биікке көтерілген түс дер едік. **Кан шан** тіркесі «*қай күн*» болып аударылады» [6, 180 бет]. Ары қарай ғалым Шан тұлғасының «күн» мағынасын бергендігін бүкіл дүние жүзі тілдері (араб тілі «ша+м+с+ун», парсы тілінде «ша+н+ба», санскрит тілінде «ша+м+аш», ағылшын тілі «sun/сан», қытай тілі «жи») фактілерімен қуаттап шығады.

Үстеулердің фразеологизм құрамында қолданылуы

Қазақ тіліндегі уақыт, мезгіл өлшемдерін білдіретін тұрақты тіркестерді саралап қарасақ, көп мәліметтер назарды аударады. Бұрындары ата-бабаларымыз уақытты сағатпен өлшемей-ақ, секунд, минут, сағат өлшемдерін шамалап, дәл болжай білген. Мысалы, секунд – *демнің арасында, қас қаққанша, ауыз жиып алғаниша, қас пен көздің арасында, қалт еткенде* деген сияқты образды тіркестермен берілген. Ал ұзақтау мезгіл аралықтары *шай қайнатым, бір бие сауым, ертеден қара кешке дейін, таң аласында, алты ай қыс бойы, таң атар-атпаста* сынды тіркестермен берілген. Дәл осындай мезгіл мәнді үстеулердің фразеологиялық топтамасын **қарашай балқар** тілінен де кездестіреміз. Мысалы: танг аласында „таң аласында“, кече арасында „кеш арасында“, хар заманда „әр заманда, үнемі“, алгъын джолда „алдыңғы жолы“, эртденден ингирге дери „ертеден іңірге (кешке) дейін“, джайны джай узуну „жаз бойы“, кышны кыш узуну „қыс бойы“, танг атар атмаз „таң атар-атпаста“, къачан эсе да бир „қашан болса да бір“, тамбла къалыб бюрсюкюн „ертең не бүрсігүні“, кюндюзгю кюн „күндізгі күні“, кеч эртде болса да „ерте де, кеш те болс“ және т.б.

Ал **қырымшак тілі** туралы мақаласында **Э.В.Севортян** мезгіл мәнді тұрақты тіркестерге мыналарды жатқызады: куньлерден бир кунь «однажды», эр вакъытки киби «как и обычно» (Сказка об Асане, сыне Усеина) [8].

Шаңқай түс, тал түс, тапа тал түс деген де мезгілдік мағынаны беретін үстеу фразеологизмдерді біз жиі қолданамыз. Осылардағы түс сөзі мағынасының түсінікті болса да **тап/тал** сөздерінің мағыналары едәуір көмескі. Жалпы түркі тілдеріндегі мақал мәтелдер мен фразеологизмдер түрлі тілдік деректерді қалпына келтіріп, анығына жетуге жауап бере алады. Өйткені бұлар халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан тілдік материалдар. Көне формаларды көп сақтаған. Ендеше **тап/тал** сөздерінің де мағынасын ашуға болады деген сөз. Түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлердің міндетті түрде жуан-жіңішке сингармониялық варианттары болған. Одан **Тап/тал<дөп/дәл** параллельдері шығады. *Дәлме-дәл өзі, талма тал түс* деген сөз тіркестері осыны нақтылай түседі. Яғни «**тал**» мен «**дәл**»-дің бір негіздес шәк жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілінде дәл үстеуі сияқты дөп үстеуі де қолданылады. Екеуі де қимыл сын үстеуі қатарына жатып, «дәл, нақ, тура» мағыналарын береді. Енді осы дәл, дөп үстеулерінің көне формасы тілімізде тап/тал болып, оның фразеологизмдер құрамында сақталғанына көзімізді жеткізгесін. Қыпшақ-половец тілдерінен мысал алып бекіткеніміз дұрыс болады. Мысалы қырым-татар тілінде «дәл, точно» үстеуі «**там**» түрінде, **там вакъты, там догъру** тіркестерімен жұмсалса, осы **там** түбірінен «точность» - «тамлық» зат есімі жасалған.

Б.Сағындықұлы: «Ежелгі түркі дәуірінде қазіргі тілдерде жіңішке айтылатын сөздердің мүлде болмағандығын, олардың жуан варианты ғана қолданылғандығын біздің заманымызға келіп жеткен тарихи жазба ескерткіштер қалтқысыз дәлелдейді» - дей келіп, «Әсіре қызыл тез оңар» фразеологизміндегі «өте, аса, тым» ұғымын беретін «**әсіре**» - «**асру**» болып ескерткіштер тілінде жуан варианты ғана кездеседі дейді [6, 146 бет]. Шынымен де,

салыстырмалы тұрғыдан қарасақ, қыпшақ-половец тілдер тобының қарайым, қырымшақ тілдерінде «өте» мағынасын беретін **астры** күшейткіш үстеуі қолданыста екен. Ал бізде күшейткіш үстеулерге *ең, өте, аса, бек* сөздерін жатқызамыз да, **әсіре, асыра** формаларын бұл мағыналық топтан көрмейміз. «Әсірелеп айту», «асыра сілтеу» тіркестерінің тұрақты компоненті ретінде ғана сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.А. Гочияева. Наречие в карачаево-балкарском языке. Карачаево-черкесское отделение ставропольского книжного издательства черкесск – 1973 г. -123 стр.
2. К.М.Мусаев «Грамматика караимского языка» (Фонетика и Морфология). – Москва: «Наука», - 1964, - 349 с.
3. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. (Отв.редактор: Э.Р.Тенишев). – М.: «Наука», 1988 г. – 560 с.
4. Языки мира: Тюркские языки. М., 1996 г. – 543 с.
5. Даби Реби «Крымчакский язык. Крымчакско-русский словарь». – Симферополь, ДОЛЯ, 2004. -244 с.
6. Сағындықұлы Б.Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 262 б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
8. Электронное издание DDA, 2003-2004. Формат CHM. С приложением статьи Э. В. Севортяна "Крымско-татарский язык" ("Языки народов СССР", М. , 1966, т. 2 "Тюркские языки", стр. 234-259) и программы преобразование алфавитов (с кириллицу на латиницу и обратно) для текстов на крымско-татарском языке.

УДК 809.564.2

ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ

Шаймұрат Нұрқанат

es.nurkanat@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Жақыпов Ж. А.

Интертекстуальдылық (интертекстуальность) – қандай да болмасын мәтіннің, өзін қоршаған семиотикалық ортамен байланысын түсіндіретін постмодернистік текстологияның термині. Бұл терминді алғаш енгізген адам – Юлия Кристева. М.Бахтиннің «полифониялық роман» концепциясын пайымдау кезінде пайда болған термин ақырсоңында текст жайлы ілімнің басты ұғымына айналды. Бұл ұғымға сәйкес, қандай да болмасын текст өзіне дейінгі және өзімен қатар тұрған текстермен диалогқа түседі. Неміс философы, текст маманы (герменевтик) Гадамер айтады, «Қандай да болмасын сөздің мағынасы оның өзінде ғана емес, сондай-ақ, ол (сөз) өзіне дейінгі айтылған сөзге және әлі айтылмаған сөзге сілтеме жасайды, осылай болғанда ғана сөз өзінің шын мағынасына жетеді», – деп[2, 256]. Постмодернизмде, мәтіннің, өз артында тұрған таңбалық фонмен матаса байланысқа түсуі, мағына тудырудың басты шарты болып табылады: «кез келген сөз (мәтін) басқа сөздердің (мәтіндердің) қиылысуы болып табылады», «қандай да болмасын сөз (мәтін) жазушы жазған хаттың, оқырман (немесе персонаж) жазған хаттардың диалогы болып табылады» (Ю.Кристева). Ролан Барт «Семиотика» еңбегінде жазады: «Текст дегеніміз... өзінің шыққан тегін ұмытқан көптеген тексттің бір-бірімен астасуы болып табылады», «осылайша әрбір текст шындығында интертекст болып табылады...», «әрбір текст – ескі цитаталардан құрастырылған жаңа бітім, себебі, қашан болсын, текст, әртүрлі жаралған, әр тараптан келген басқа текстердің қоршауында тұрады» деп [4, 125]. Сол себепті, постмодернистік